

Қ. Нұрболқызы, 3-курс
Ғылыми жетершісі: Д. А. Мергембаев, қылмыстық құқық және
криминология кафедрасының оқытушысы, құқық магистрі
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы)

ЖҮКТІЛІКТІ ЖАСАНДЫ ТҮРДЕ ҮЗУ ҚЫЛМЫС

Түсік деген сөзге құлағымыз үйреніп кеткені соншалық, жай бір медициналық процедура сияқты қабылдаймыз. Негізі түсік пе, әлде сәби ме деген таңдаудың алдында тұру — үлкен трагедия.

2009 жылғы 30 қазандағы «Жүктілікті жасанды түрде үзу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің № 626 бұйрығында «жүктілікті жасанды түрде үзу немесе аборт — жүктілікті үзу және жатырдағы біткен ұрықты өмірге қабілеттілік мерзіміне жеткізбей дәрі-дәрмектік немесе хирургиялық әдістерді қолдана отырып және әйелдің (заңды өкілінің) жазбаша ақпараттандырылған келісімін ала отырып, жүктілікті үзу және жатырдан ұрықты алып тастау» — деп берілген¹.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 117-бабында көрсетілген заңсыз аборт түсінігі — тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі жоқ адамның аборт жасауында. Заң бойынша абортты тиісті бағдардағы жоғары медициналық білімі бар хирург-гинеколог,

акушер-гинеколог жүзеге асырады. Егер абортты жоғары медициналық білімі бар терапевт, невропатолог, медбике, фельдшер тағы басқасы жасаса, онда олар осы қылмысты істегені үшін жауапты болады. Мұндай адамдар үшін тек қана аса қажеттілік жағдайында немесе орында тәуекел ету арқылы әйелдің өмірін сақтап қалу мақсатымен жүзеге асырылған аборт үшін ғана қылмыстық жауаптылық орын алмайды. Сондай-ақ заңсыз деп саналады, егер ол: тұрақты медициналық мекемеден тыс жерде жасалса. Тұрақты мекеме дегеніміз — арнаулы медициналық жай².

Жүктілікті жасанды түрде ұзу әйелдің қалауымен етеккірі 20 күнге дейін кідірсе жүктіліктің 12 аптасына дейінгі кезеңде жүргізіледі, сонымен қатар жүктіліктің мерзіміне байланыссыз анасы жағынан да, ұрық жағынан да медициналық көрсетімдері (туберкулез, созылмалы вирусты В және С гепатиті, ауыр түрі және бауыр циррозы, ісіктер: барлық жерде немесе өткен кезде қатерлі ісіктердің болуы, т. б. тізімде көрсетілгендер) бойынша және әлеуметтік көрсетімдері (жүктілік кезінде зайыбының қайтыс болуы, әйел немесе оның жолдасы бекітілген тәртіппен жұмыссыз деп танылса, некеде тұрмайтын әйел, ата-ана құқығынан айыру немесе шектеу туралы сот шешімі, жүктілік кезінде некенің бұзылуы, кәмелетке толмаған шақ) бойынша 13 аптадан 22 аптаға дейінгі кезеңде жүргізіледі.

Түсіктің қай түрінде де кішкентай тіршілік иесі өмір үшін жанталаса күреседі екен. Ғалымдар ұрықтың 7-8 аптада (2 ай) жетіліп адам кейпіне келетінін дәлелдеген. Сол кезде ультрадыбыстық аппаратпен нәрестенің жүрек соғысын анықтауға болады. Сәби өзін кескілейтін құралдардан жанұшыра қашып, кішкентай ғана аяқ-қолдарын сермеп, қорғанады екен, қорыққанынан оның жүрегі минутына 200 рет соғатынын медициналық технология дәлелдеуде. Өткір пышақ денесіне тигенде сәбидің аузы ашылып, ешкім естімейтін жан айқайы шығатын көрінеді. 13 аптада (3 ай) шараның басы, қолы, аяғы, саусақтары мен ішкі мүшелері, тіпті тіс төмпешіктеріне дейін көрінеді. 16-28 аптада салмағы артып, кірпігі, қасы, тырнағы өседі.

7 жарым айлығында әке-шешесінің даусын ажырата алатын дәрежеге жетеді.

Сонымен қатар, мамандардың айтуынша Қазақстанда жыл сайын 15 жасқа дейінгі 5 мыңға жуық қыз бала жүктілікті үзеді. Олардың арасында тіпті 12 жастағы оқушылар да кездеседі. Бұған біріншіден, қыз балалардың ерте өсіп-жетілетіні себеп. Екіншіден, жағдайды ушықтырып тұрған — педофилдер десек қателеспейміз. Ойда жоқта осындай келеңсіздікке ұрынған ойын баласы өзінің оңбай «алданғанын» сезбейді де. Үшіншіден, қызының оң жақта отырып, екі қабат болғанын естіген ата-ана «елдің бетіне енді қалай қараймыз?» деп, шаранадан ертерек құтылудың жолын қарастырады.

Жасанды түсік хирургиялық әдіс болғандықтан, оның зардабы жетерлік, себебі түсіктен кейін әйел адам кей жағдайларда өмір бойы ана болу бақытынан айырылуы мүмкін, яғни бедеулікке алып келеді. Қазақтың тарих беттерінен өшуін емес, өсуін көздесек, жасанды түсікті болдырмаудың жолдарын қарастыруымыз керек. Ол үшін ең алдымен жастарымызды имандылыққа, нәпсісін тыюға тәрбиелеуіміз керек. Жасанды түсік жасатқаннан бұрын некесіз жыныстық қатынасқа барудың өзі — ауыр күнә. Некесіз ер мен әйелдің бір-біріне көз сүзіп қарауы да Ислам дінінде күнә болып есептеледі.

Сондықтан біз ең әуелі жастардың бойындағы имандылықты арттырғанымыз абзал болар еді. Сонымен қатар, жасанды түсікті себепсіз жасатқандарға және соған мәжбүрленгендерге қылмыстық жауаптылық көздеп, кодекске «түсік жасатуға мәжбүрлеу» немесе «түсік жасатуға көндіру» деген жаңадан норма енгізсек жасанды түсіктің алдын алуға аз болса да үлесін қосарына кәміл сенеміз. Себебі қылмыстық жауаптылық көзделген іс-әрекеттен әрбір азаматта қорқыныш сезімі болатыны анық. Айта кетер болсақ, бұрынғы Қазақ КСР ҚК-нің 109-бабында «Заңсыз аборт жасатуға көндірушілер» деген норма болатын, бірақ 1997 жылы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі аталған нормадан бас тартты. Сондықтан әйелді түсік жасатуға көндірушілердің қылмыстық жауаптылығын көздейтін норманы қайта жаңғыртуды ұсынамыз³.

¹ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 30 қазандағы «Жүктілікті жасанды түрде ұзу ережесін бекіту туралы» № 626 бұйрығы // online.zakon.kz

² Борчашвили И. Ш. ҚР Қылмыстық кодексіне түсінік. — Алматы, 2007.

³ Уголовный Кодекс Казахской ССР. — Алма-Ата, 1987.